

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 27 ақпан N 2/53 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 20 маусымда N 176 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала
о т ы р ы п

Б Ұ Й Ы Л Д ы деп т а н ы л с ы н :

1. Қосымшаға сәйкес Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығына қосымша

Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

2. "Шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 20 маусымда N 176 нөмірмен тіркелген) Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 27

баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі органдар барлық мүдделі тұлғалар табыс еткен ақпаратты қарауға міндетті.

2.3. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі органдардың шешімдерінде бағалар (тарифтер), шекті бағалар, өзіндік құнға немесе негізгі қорларға (негізгі қорлар нарықтық баға бойынша бағаланған жағдайда) ректабельділіктің шекті деңгейін қою жолымен реттеудің әдістері көзделуі м ү м к і н .

2.4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің қызмет салаларында тиімді мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында оларды реттеу туралы шешімдер қабылдағанда монополияға қарсы органдар тағиби монополия субъектілері қатысатын немесе олардың өздеріне байланысты іс-әрекеттерге бақылау жасауы тиіс, сөйтіп тауар тұтынушылардың мүдделеріне, нұсқан келмеуін, не белгілі бір тауар нарығының табиғи монополия жағдайынан бәсекелеуші нарық жағдайына өтуінің экономикалық тұрғыдан тиімді болуын о й л а с т ы р у ы к е р е к .

III. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын және пайдалануын бақылаудың тәртібі

3.1. Монополияға қарсы органдар:

- баға белгілеуді реттеу, нарықта мінез-құлық ережелерін орнықтыру туралы шешімдерде көзделген шарттардың сақталуына;

- өнімдердің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнынан кіргізілетін шығындардың құрамы туралы салалық ережелердің сақталуына;

- бағаларға (тарифтерге) қосылатын пайда деңгейінің негізділігіне және оның п а й д а л а н у ы н а ;

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің негізгі қызметіне қосарлама түрде шаруашылық құрылымдардың құрылуына жол берілмеуіне бақылау ж а с а й д ы .

3.2. Бақылау жасау кезінде тексерілетін кәсіпорынның қызметін реттеу жөнінде монополияға қарсы органдар қабылдаған шешімдермен танысу және оларға сәйкес реттеу шарттарының дұрыс қолданылуын талдау қажет.

3.3. Бірінші кезеңде белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін реттеу жөнінде шешім қабылдау барысында табыс етілген материалдардың негізділігі т е к с е р і л е д і .

3.4. Жобалық өзіндік құн негізінде қойылатын бағалар мен тарифтерді

талдауға өнімнің іс жүзіндегі өзіндік құны мен жобалық құнды салғастыру, сотты шығын баптары бойынша ауытқулардың себептерін айқындау арқылы қол жеткізіледі. Бұл орайда есептеу калькуляцияларының дұрыстығына назар аударылуы тиіс.

3.5. Шығын құрамын талдау кезінде шығын құрамы туралы белгіленген тәртіппен бекітілген салалық ережелерді басшылыққа алу қажет.

Бұл ретте:

баға түзу кезінде есепке алынған шикізат пен материалдар нормаларының іс жүзінде қолданылғандармен сәйкестігін тексеру және материалдық шығындардың көп немесе аз жұмсалғанын анықтау;

өнім берушілер құрамының өзгеруіне және олардың өзгеру себептеріне байланысты негізгі шикізат түрлері мен материалдар құнының өзіндік құнның өзгеруіне ықпалын айқындау;

жалақы мен үстеме шығындар бойынша іс жүзіндегі шығындардың баға мен тарифтер түзу кезінде есепке алғандардан ауытқуының орын алуын және оның себептерін анықтау;

өндіріс көлемінің өсу қарқыны мен өнімнің өзіндік құнының деңгейін салыстыру қажет.

3.6. Тексеру кезінде бағалар мен тарифтер белгілеу кезінде есепке алынғандағыдан пайданың не себепті ауытқығанына және пайданың монополияға қарсы органдардың шешімдерінде көзделген бағыттарға жұмсалыуына айрықша көңіл бөлген жөн.

3.7. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің нарықтағы мінез-құлқына тексеру жүргізген кезде шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс-әрекеттерінде:

- нәтижесінде табиғи монополия субъектісі меншіктену құқығын немесе реттеу қолданылатын тауарлар өндірісіне (сатуға) арналмаған негізгі қорларды пайдалану құқығын иеленетін мәмілелерге;

- табиғи монополия субъектісінің қаржысын (соның ішінде күрделі құрылыс жүргізу, шаруашылық субъектілерін түзу, бірлескен қызмет туралы басқа шаруашылық жүргізушілермен шарттар жасасу жолымен) реттеу қолданылмайтын тауарлар өндірісіне (сатуға) салуға;

- табиғи монополия субъектісінің реттеу қолданылатын тауарлар қызмет өндірісіне (сатуға) арналған өзінің негізгі қорының бір бөлігін басқа бір шаруашылық жүргізуші субъектіге сатуға, жалға беруге немесе өзгеше жолмен беруге рұқсат етуге болмайтыны назарға алынуы тиіс.

IV. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге - табиғи монополистерге баға тәртібін бұзғаны үшін

4.1. Баға түзудің белгіленген тәртібін, сондай-ақ нарықтағы мінез-құлық ережелерін бұзуға жол берген табиғи монополистерге, Мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкциялар қолданудың тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес, экономикалық санкциялар қолданылады.

4.2. Мына төмендегілердің:

- өнімдерге (тауарларға, қызметке) реттелетін (белгіленген) бағаларды өсіру;
 - реттелетін баға бола тұрып еркін баға қолдану;
 - калькуляцияға шикізат пен материалдардың, жалақының және басқа да шығыс баптарының негізсіз өсірілген құнын қосу арқылы өзіндік құнды түзудің т ә р т і б і н б ұ з у ;
- өнімдердің, (тауарлардың, қызметтің) құнына іс жүзінде атқарылмаған жұмыстарды немесе толық көлемде атқарылмай, оның құнында ескерілгендерді қ о с у ;
- өндірісті тежеу мен тоқтату, сондай-ақ жасанды түрде тапшылық туғызып, оны қолдау мақсатымен тауарларды айналыстан шығару;
- шарттасушы жаққа оның ісінің мәніне жатпайтын шарт ережелерін тану, (мысалы, өнім түрлерімен күштеп сауда-саттық жасау кезінде немесе әлде бір қорларға қосымша ақы төлеу);
- тауарларға бірыңғай баға қою туралы өнім өндірушілердің өзара сөз байласуы (келісілген іс-әрекеттері);
 - нарықты бөлісу туралы өнім өндірушілердің сөз байласуы;
 - өнімдерге қолданылып жүрген бағаның негізсіз арзандатылуы (қ ы м б а т т а л у ы) ;
- бағаның көтерілуі немесе өзгермеуі жағдайында өнім сапасының төмендеуі;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің баға белгілеу саласында тұтынушылардың және (немесе) өнім өндірушілердің мүдделеріне нұқсан келтіретін өзге іс-әрекеттері нәтижесінде кәсіпорынның заңсыз табыс алуы экономикалық санкциялар қолдану үшін негіз болып табылады.

4.3. Баға белгілеу тәртібінің, сондай-ақ нарықтағы мінез-құлық ережелерінің бұзылуына тікелей кінәлі табиғи монополист кәсіпорындардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдары, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеніндей, әкімшілік тұрғыдан жауап береді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің -
табиғи монополистердің іс жүзіндегі
шығындарын реттеу мен бақылаудың
тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы Ереженің жобасын қарап, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қ о с а т і р к е л і п о т ы р) .

2. Баға саясаты жөніндегі бас басқарма (Е.Н.Попандопуло) шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы Ережені аумақтық комитеттерге жеткізсін .

3. Аумақтық комитеттер шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын бақылау жөнінде жүргізілген жұмыс туралы тоқсан сайын ақпар беріп отырсын.

Комитет төрағасы